В конкурсе «Манекенов» приняли участие 11 шаныраков. Целью конкурса было развитие творческих способностей учащихся. Согласно критериям, учащиеся каждого шанырака должны были изготовить манекены по рамерам. Для изготовления манекенов, учащиеся должны были использовать следующие материалы: скотч, футболка, ножница, пищевая кленка, хлопок. Задания были интересными, учащиеся с большим энтузиазмом работали над созданием манекенов. В результате конкурса выиграли учащиеся Шаныраков, которые строго придерживались критериев работы.

### Flesh-Mob Battle

«Сандық әлемдегі өнер» атты өнер және информатика бірлестігінің апталық аясында барлық шаңырақтар қосылып өткізілген «Flesh-Mob Battle» шарасында оқушылар ерекше қызығушылық танытып, өз өзенерлерімен көпшілікті тәнті етті. Түрлі комбинациялар мен керемет би өрнегін сомдау арқылы жастар бір-біріне деген бауырмалдылық сезімдерін көрсетті, әрі ауызбіршілікті болуға, бірегей шешімдерді қабылдауға үйретті.

Байқау нәтижесі бойынша бас жүлдеге ие болған «Алтынорда» Шаңырағы, I-ші орынды - «Сыр елі» Шаңырағы, II-орынды - «Жанқожа батыр» және «Жібек жолы» Шаңырақтары, ал III-орынды «Бұқарбай батыр», «Ақмешіт» және «NOMAD» Шаңырақтары бөліп алды. Қалған Шаңырақтар «Үздік қойылым», «Позитивті қойылым» ,«Креативти қойылым», «Ерекше қойылым» және «Ең ынтымақты» деген номинацияларымен марапатталды. Оқушылар ішінде жақсы өнер көрсетіп көзге түскен 9 сынып оқушысы Оспан Арайлым мен 10 сынып оқушысы Абдыраман Қаныш «Ең үздік биші» атанды.





### Встреча с Вокалистами

Особенно запомнился мастер-класс вокалистов из музыкального колледжа имени М.Маметовой. Студенты исполнили знаменитые народные и эстрадные песни вместе с учащимися школы. На концерте прозвучали такие песни, как «Козимнин карасы», «Айттым салем, Каламкас», а также современные песни отечественных и зарубежных композиторов. Концертный вечер прошел под эгидой «Жыр әннің елі, Тұранның төрі- Жасай бер жайна Сыр елі».



Kyzylorda

## International Week

International Week at NIS Kyzylorda took place between Monday 29th February and Friday 4th March. The theme of the week was 'The Road to Rio' and was based upon the 2106 Olympics in Rio, Brazil.

A large balloon sculpture greeted students on the Monday morning and the international teachers encouraged students to identify countries of the world on our large map displayed in the foyer. The international theme continued throughout the school with displays by each of the International Teachers about their home countries and flag bunting displayed in the foyer.



The opening ceremony, in the assembly hall, was choreographed by our dance instructor who created a Brazilian themed dance to go with the Rio theme. The students ended the dance by displaying the Olympic logo and two of our grade 12 students, Aruzhan Nurtileu 12D and Aiymzhan Erezhepova 12A, explained the events that would be taking place during the week.

During the week the international teachers invited our administration team and local colleagues to 11 open lessons with a variety of topics and themes. The week was a good opportunity for the international team to provide training on different topics. On Tuesday and Wednesday evenings a total of eleven different seminars were offered on a wide variety of topics including Mind Mapping, Formative assessment and considering cultural differences.





Throughout the week a multi – disciplined competition took place between the Shanyraks. In this each group were asked to create a number of Olympic themed items including a poem, an Olympic logo, a poster, a sculpture and to complete an Olympic quiz. One of the tasks involved students singing a world countries song which was enjoyed by the judging committee.

On Tuesday and Wednesday evenings a movie night was provided for the students and two different Olympic themed movies were shown. A visit from the United Nations was also organised for the students and Nikita Shabayev and two of his assistants visited the school to discuss with the students the global goals for sustainable development and the importance of volunteering. Nikita explained that there were many opportunities for getting involved in the community locally and that this is an important part of being a global citizen.



On Friday the international teachers provided a seminar for English teachers in our pilot schools. The topics covered were using success criteria, using formative assessment and differentiation. The plenary session was very positive and the feedback from the pilot school teachers was that they found the sessions very useful.

The final event of international week took place on Monday 7th March in our weekly assembly. Certificates were awarded for each of the competition categories and the overall winning Shanyrak received a baseball cap and T shirt kindly donated by the United Nations. Thank you to all of you who took part in the International week, you have all helped to make it a success.

**Michael McPherson**
**International Vice Principal**

## МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТЕҢДЕУ ОЙЛАП ШЫҒАРҒАН ЖАС ЗИЯТКЕР

**Қызылорда қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Ләтіш Әбілпәсімнің ойлап тапқан математикалық теңдеуі математика мен механика бойынша зерттеу жұмыстары Халықаралық байқауында топ жарып, 1 орынмен марапатталды.**



Наурыз айының 2-4-і аралығында Ө.Жолдасбеков атындағы математикадан және зерттеу жұмыстарының Халықаралық конкурсы өткізілді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің базасында өткен интеллектуалды сайысқа Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Әзірбайжан елдерінен 400-ге жуық оқушы қатысып, өз зерттеу жұмыстарын таныстырды.

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Әбілпәсім Ләтіш аталмыш додаға математика саласы бойынша ғылыми жұмысымен барды. 17 жасар жас өрен геометриялық фигураларды зерттеп, эпигопоциклоиданың және гипоэпициклоиданың математикалық моделін ойлап тапты. Практикалық жұмыс барысында Әбілпәсім ғылыми жетекшісі Сәкен Сүлейменовпен бірге жазықтықтағы екі керемет қисықтың алғаш рет параметрлік теңдеуін алып және анимациялау арқылы GeoGebra динамикалық математикалық бағдарламасында кескінін салды. Мұндай математикалық теңдеулер мен алынған кескіндері архитектура, робототехника және сандық технология салаларында жобалау және модельдеу жұмыстарын жүргізу кезінде кеңінен қолданылуға болады.



«Құрылыс саласында жұмыс жасайтын архитекторлар мен инженерлер алынған теңдеулерді қолданып, кескін алумен бірге оны өңдеп, ғимараттардың ерекше сызбаларын ала алады» , - дейді жас зерттеуші.

Сондай-ақ жас зерттеушінің алған математикалық модельдері қолөнер мен дизайн салаларында креативті идеялардың тууына жол ашады. Себебі қорытылған теңдеулерді қолдана отырып сан алуан қисықтарды алуға болады. Олардың бірқатары жаңа бір ою немесе орнамент тудырады, яғни олардың жаңа түрлерін дүниеге алып келетін болады. Жұмыстың өзектілігі мен жаңалығын ескере отырып, әділ-қазылар алқасы Әбілпәсімнің жұмысын оң бағалап, жүлделі 1-орынмен марапаттады.








## Емтиханға дайындық және емтихан кезінде оқушының өзін дұрыс ұйымдастыруға бағытталған кеңестер




Адамның емтиханға дейін ештеңеге бой үйренісе алмауы қалыпты жағдай. Әсіресе дайындық деңгейі әлсіз болса, ондай жағдай тіпті қиындай түсіп үрей мен қобалжу арта түседі. Мұндай уақытта , бәрін өз қалпына салып, уақыт пен күш-жігердің жұмсалуын біреше бөлікке бөліп қойған жөн. Яғни дайындық жоспарын белгілеп, оқу уақытын және тақырыбын нақты анықтау. Осы тәртіп неғұрлым дұрыс сақталса , дайындық соғұрлым сәтті болады.

«Емтихан» сөзін естігенде қатты үрей мен уайымға салынбас үшін төмендегі қарапайым ережелерді сақтаған жөн:

1. Тақырыпты неғұрлым жаттап алмау керек, тек белгілі бір ұғымдар , соған байланысты элементтер арқылы есте сақтау қажет;
2. Дәл емтихан күні бәрін қайта атқарып, қайталаудың қажеті жоқ;
3. Емтиханалды ұйқыны қандыру керек, түнімен кітап оқып миды шаршатпаған жөн;
4. Емтихан тапсырар сәтте кабинет алдында күтудің қажеті жоқ, барынша алғашқылардың бірі болып кіріп кеткен жөн; (ондай мезгілде үрей артады)
5. Емтиханға кешікпеу керек, өйткені қорқыныш деңгейі арта түседі;
6. Сонымен қатар дайындық барысында лимон қосылған шай ішкен дұрыс. Жапондықтар бұл тәжірибенің 20 % -ға интеллектіні көтеретінін дәлелдеген.

**Емтихан кезінде өзіңізді ұйымдастыруға бағытталған кеңестер:**

<> **Зейін қойыңыз!** Тапсырмалардың бастапқы бөлімін толтырған соң өзіңізге түсініксіз нәрселердің басын ашып алған соң , айналандағыларды ұмытуға тырысыңыз. Сізді емтихан тапсырмалары мен уақыт қана қызықтыруы тиіс;

<> **Асықпай тездетіңіз!** Берілген уақыттың тар шеңбері сіздің жауаптарыңыздың сапасына әсер етпеуі тиіс; Сұраққа жауап берер алдында сұрақты 2 рет оқып шығып, нені сұрап тұрғанын толық түсінгеніңізге көз жеткізіңіз;

<> **Оңайынан бастаңыз!** Көп ойлануды талап ететін сұрақтарға тоқтамай, өзіңіз жақсы білетін, оңайларынан бастаған жөн. Сен қобалжудан арылғанда , жұмыс ритміне енесіз. Жүйке жүйесінің мазалауынан арылып, барлық энергияңызды қиын сұрақтарға сақтайсыз;

<> **Қалдырып кетіңіз!** Қиын әрі түсініксіз сұрақтарды қалдырып кетуді үйрену керек. Есте сақтаңыз: уақыт соңына дейін мәтенде сіз жауап бере алатын сұрақтың жауабы табылады;

<> **Сұрақты соңына дейін оқыңыз!** Асығыстық тапсырманы «алғашқы сөздерінен» түсініп, соңын өзіңіздің ойыңызша аяқтауыңызға алып келуіне тиісті емес. Бұл оңай сұрақтан қате жіберуге алып келетін жол;

<> **Екі айналым жоспарлаңыз!** Берілген уақыт шамаланып қалғанда жауаптарыңызды бір қарап шығуға (1-ші айналым), алғашында қиын болып көрінген тастап кеткен сұрақтарға тағы бір оралуға (2-ші айналым) уақыт қалдыруыңызды есептеуіңіз қажет;

<> **Тексеріңіз!** Тапсырмаларға жауаптарыңызды қайта тексеруге , ең болмаса көз жүгіртіп өтуге уақыт қалдырыңыз;

<> **Болжаңыз!** Егер сіз жауапты дұрыс бермесеңіз , интуицияға сенуге болады. Онда да ең дұрысқа жақын болуы тиіс деген нұсқасын таңдауға тырысыңыз;

<> **Көңіл-күйді түсірмеңіз!** Барлық тапсырманы орындауға тырысыңыз, бірақ тәжірибе бойынша бұл мүмкін емес екендігін де естен шығармаңыз. Емтихан тапсырмалары қиын дәрежеге есептелген. Дегенмен сіз орындаған тапсырмалар жақсы деп бағалануы әбден мүмкін. Сәттілік тілеймін!

**Жанат Қаражанова**
**педагог-психолог**



## Волейболдан «Достық» турнирі аяқталды

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай өткізілген додада мектебіміздің оқушылары жақсы ойын өрнегін көрсетіп жүлделі 2-ші орынға тұрақтады.

Ұйымдастырушылар - №9 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты. Жарысқа №9 қазақ-түрік лицей-интернаты, №4 дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты және Назарбаев Зияткерлік мектептің ер балалар командалары қатыстырылды. Бұл жарыстың мақсаты: Оқушылардың патриоттық сезімін нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және дарынды мектеп оқушылары арасында ынтымақтастық, достық қарым-қатынасты нығайту.




Турнирдің ашылу салтанатында ҚТЛ директоры Канат Егенбердиев оқушыларға білім мен қатар спортты серік етіп, Қазақстанымыздың саламатты азаматы болуды, бір-бірімен танысып, достық қарым-қатынасты нығайтуға ат салысуды айтты. Оқушылар сап түзеп, ҚР Әнұранын орындады. Бұдан кейін ҚТЛ мен НЗМ командалары алаңға шығып, өзара бақ сынады. Нәтижесінде НЗМ оқушылары 2:0 есебімен жеңіске жетті. Одан кейінгі ойын ҚТЛ мен №4 Дарынды мектеп интернатының оқушылары арасында болды. Бұл ойынның нәтижесі 2:0 есебімен №4 Дарынды мектептің пайдасына жазылды. Ақтық ойын ретінде алаңға НЗМ мен №4 дарынды мектеп оқушылары шақырылды. Ойын өте тартысты, қызықты өткізілді. Нәтижесінде 2:1 есебімен №4 Дарынды мектеп оқушылары жеңіске жетті.

Сонымен, турнирді қорытындылай келе III орынды ҚТЛ, II орынды НЗМ, I орынды №4 Дарынды балалар мектеп-интернаты қанжығаларына байлады. Оқушыларға дипломдар табысталып, I орын иегерлеріне ауыспалы «ДОСТЫҚ» кубогі табысталды. Жаттықтырушылар Алхыс хаттармен марапатталды. Естелікке суреттерге түсіп, оқушылар бір-бірімен танысып, тәбысып тәжірибе алмасып жатты.

Алдағы уақытта Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерей тойына орай, осындай спорттық турнирлерді ұйымдастыру арқылы, оқушыларымыздың спорттық жігерін шыңдау мақсатында, Назарбаев Зияткерлік мектебінде турнир өткізетіндігін хабардар еткіміз келеді. Оқушыларымыз білім және ғылыммен қатар, спорттық жігерлерін шыңдап, дені сау ұрпақ болып өсу үшін, сапалы білім мен саналы тәрбие беруіміз қажет.

**Жанна Омарова**
**Дене шынықтыру пән мұғалімі**

## ЮНЫЕ ШАХМАТИСТЫ ПОКАЗАЛИ КЛАСС

На областном первенстве по шахматам ученик 8 класса Назарбаев Интеллектуальной школы города Кызылорда Нуржан Асанов занял 2-е призовое место.

Областной шахматный турнир проходил в Кызылординской областной детско-юношеской школе олимпийского резерва №1. На игры, проходившие по швейцарской системе, собрались свыше 24 игроков из города и районов области. Основная цель мероприятия - формирование у школьников здорового образа жизни, повышение социальной активности и заинтересованности систематическими занятиями в шахматы.



В шахматных баталиях приняли участие 4 ученика Интеллектуальной школы г.Кызылорда. 8-классник Нуржан Асанов занял 2 почетное место, уступив лишь одно очко чемпиону Казахстана Меиржану Бармагамбетову, а вот семиклассник Рахат Ералиев отличился успешной комбинацией ходов, заняв четвертую позицию в турнирной таблице.

Надо сказать, на этих соревнованиях одновременно шел отбор в областную сборную команду, которая уже совсем скоро примет участие в чемпионате РК. Все шахматисты получили огромный опыт, который обязательно пригодится в играх.





## WE CONGRATULATE CHAMPIONS!

The national team of girls of Nazarbayev Intellectual school in the city of Kyzylorda is recognized the absolute winner in a city volleyball tournament.

In celebration of the 25 anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan in Nazarbayev Intellectual school in the city of Kyzylorda there has taken place the volleyball tournament among pupils of schools of the city. Teams of girls from Nazarbayev Intellectual school, boarding school for exceptional children No. 4, the Kazakh-Turkish lyceum boarding school for exceptional children No. 9, the school «Murager» No. 2 and school – lyceum No. 264 have participated in the tournament. The purpose of sporting event – involvement of children to a healthy lifestyle, and also strengthening friendly relations between teams.

According to rules of a tournament each team was represented by 6 main, 2 additional players and 1 trainer. By results of preliminary draw of team were divided into 2 groups. Games took place in 3 stages, the score to 15 points (final games up to 25 points).

According to the results of all rounds, «Nazarbaev Intellectual school Kyzylorda» was awarded with 1st place, 2nd place was taken by a national team of Murager school and 3rd place was awarded to pupils of school No. 4th for exceptional children.

In the nomination «The Best Combination» the schoolgirl from No. 264 school Zhusipnazar Fatima was distinguished, the schoolgirl of KTL Madigali Botagoz was recognized as «The best forward». The schoolgirl from No. 4 for exceptional children Abbasova Madina won «The best defender», the schoolgirl from Murager Oserkhan Danagul became «The best player».



For all prize-winners the organizers of the event have prepared diplomas. The winning team has got a cup.

## Отбасылық эстафета

Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығын күту жолдарын қарастыру керек. Дені сау оқушының көңіл – күйі көтеріңкі болып, сабаққа әрқашан құлшына кіріседі. Қазақ халқымыз «дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты жатақхана қызметкерлері «Спорт- салауаттылық пен сымбаттылықтың негізі» атты отбасылық эстафета сайысын өткізді. Іс-шараның негізгі мақсаты ата-аналар,тәрбиешілер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту және оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Аталған сайысқа «Жалын», «Болашақ», «Қыран» топтары қатысты. Жарыс бағдарламасы таныстыру,сурет салу,секіртпе,жылан,баскетбол,домалап секіру,арқан тарту атты 7 тапсырмаларынан тұрды. Омарова Жанна бастаған дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері әділқазылар алқасы қызметін атқарды.

Өте тартысты болған жарыстың нәтижесі бойынша 1-ші орынды тәрбиеші Қыдырбаев Мұрат және 7а сынып оқушысы Қабыланбекұлы Тоқтардың әпкесі Сақтанова Гүлнұр Қабыланбекқызы бастаған «Қыран» тобы иеленсе, 2-ші орынды тәрбиеші



Андижанов Тимур және 9е сынып оқушысы Ұзақ Бағдәулеттің анасы Нұрымбетова Айгүл Бұқарбайқызы бастаған «Жалын» тобы иеленді. Ал 3-ші орынды тәрбиеші Айтбаева Айна және 9і сынып оқушысы Шарапи Дидардың әкесі Жансимаков Жарықбай Шарапиевич бастаған «Болашақ» тобы алды. Қалай дегенмен де спорттың денсаулық кепілі екендігі әлдеқашан мойындалған. «Дені сау адам – табиғаттың ең бағалы туындысы» деген екен бір ғұлама. Еліміздегі спорт саласы Мемлекет басшысының назарынан тыс қалған емес. Тіпті, Президент өзі үлгі бола отырып, халықты, әсіресе жастарды дене шынықтырумен шұғылдануға үнемі шақырады.Нәтижесінде бүгінде республика халқының 22 пайызы салауатты өмір салтын серік етеді. Елбасының жастарға салауатты өмір салтын насихаттау тапсырмасын орындау үшін жатақхана тәрбиешілері болашақта оқушыларға осындай отбасылық эстафета жарыстарын жиі ұйымдастырып, жақсы дәстүрге айналдырады деп сенім білдіреді.

**Мұрат Қыдырбаев**
**жатақхана тәрбиешісі**



## Our life - 50 years from now

The Earth is only planet known to man where life exists. It is the only planet, that has the right atmosphere, gravity, temperature in which human, plants and animals can live.

Our activities have destroyed many of the Earth's habitats.

Without plants there would be no air on the planet. If air disappears, all life on the Earth will disappear too. We hurt ourselves by destroying forests, thus destroying animals whose habitat is the forest. We pollute the water by industrial waste, at the same time ruining all the inhabitants of the underwater depths. What will happen in 50 years if we continue like this?

Everything in nature is interconnected. If the riverbed dries, the fish will die, eventually humans won't be able to eat them. If we don't give the soil a rest, it would not give a good harvest. If we continue to pollute the air and water, we can't live and be healthy in such a bad environmental situation.

Earth's resources will be used up. Materials under the earth's crust are not the only things that will extinct; the wildlife is in danger too. The human race is growing so fast and in 50 years there will be 8 billion people and they will need more space to make area for living and farming. Human will destroy the forest and wild life.

To run our factories, heat our homes, we need energy. We get this energy by burning coal, oil and gas. But burning fossil fuels is adding carbon dioxide into the air. In addition, industries are producing CFC's, nitrous oxide, which are greenhouse gases. It leads to global warming.

The world will become hotter and then there might be less rain. During a drought, it would become harder to supply people with food and prices for the food would go up. People will completely forget about clean water, flowering trees and green grass.

If we don't want to suffer like this, we must act and we must act now.

**A.Tamabaeva,**
**NIS Journalists Club member**

## How has changed the Internet addiction among young people in this time?

Nowadays majority of people spent their leisure time on the computer, but they dodn't understand their dependencies. Is Internet Addiction a real thing? From my point of view, most people don't pay attention for their addiction. There is one question- Is this a big problem?

Generally speaking, addictions are harmful, damaging a person, relationships, work, education and health. However, the Internet has many benefits and has become a part of everyday life, used for news information, research, communication and relationships.

Nevertheless, the sight of negative influence exceeds the positive effect. People lose their eyesight and immunity because drawbacks of the internet sitting long hours on the computer. Also addiction to Internet can do the same sort of damage, leading you to neglect family, friends, work and school.

What can people do to stop this problem?. These steps help to get you Internet usage under control. Get help for any mental health problems that may be contributing to your compulsive use of the Web. Addiction to Internet can be prevented if we adhered these steps. Hopefully, one day all young people will be able to stop using the Web and begin to enjoy their life with families.

**Tumarai Rustemova,**
**NIS Journalists Club member**

## *Why should we keep to trend clothes?*

*People choose clothes according to their preferences and character. In my mind, if a person wants to produce a good impression and to be successful, he or she must look nice. When people speak to you, they always pay attention to your appearance and your clothes. If you look sloppy and untidy, they will try to avoid you. That is closely represents your personality. If you have the main style of yourself, you can always mix and match to come up with new cute school outfit.*

*My fashion exemplar is kazakh fashionable girl Nadira Arapova.I love her style and I think that you will like her too by looking at these photos.*

*NIS students have their own way of fashion experimenting with accessories and trendy clothes. Of course all those hints which we give must be supplied with the hygene of each girl. Wish to all of you look beautiful and trendy in all seasons of the year.*

**By Nurmaganbet Bekzat**
**NIS Journalists Club member**







## ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҮЙІРМЕ

Қызылорда қаласында орналасқан Назарбаев Зияткерлік мектебінде «SHOW MUST GO ON» драма үйірмесі жұмыс жасайды. Аталған драма үйірмесінің өзіндік ерекшелігі - сахналық қойылымдарға дайындық жұмыстарының ағылшын тілінде жүргізілуі. «SHOW MUST GO ON» драма үйірмесінің мақсаты - Назарбаев Зияткерлік мектебінің білікті де білімді оқушыларының ағылшын тілін жетік меңгеруі, ағылшын тіліне деген қызығушылығының артуы. Бұл Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұсынған үштұғырлы тіл саясатына саяды.



«SHOW MUST GO ON» драма үйірмесіне қандай да бір қойылым сахнада қойылмас бұрын, мектеп оқушылары, оның ішінде 7-9 класс оқушыларының арасында кастинг жарияланады. Кастингтен өткен оқушылар өздерінің мінезі мен түр-сипатына және әртістік қабілетіне қарай рөлдерді сомдауға таңдалады. Кастинг уақытында оқушылар өздерінің әртістік қабілеттерін, бойындағы таланттарын көрсетуге тырысады.

Мектептің 2013 жылдан бері қарқынды жұмыс жасап, өңіріміздің өркендеп өсуіне аянбай еңбек етіп келе жатқан мектеп ұжымын «SHOW MUST GO ON» драма үйірмесінің жас таланттары өздерінің сахналық өнерлерімен қуантып келеді. Осы жоғарыда аталған үш жылда оқушыларымыз әйгілі ағылшын жазушысы Уиллиам Шекспирдің «The Merchant of Venice» («Венециялық көпес»), Американдық жазушы Лаймен Фрэнк Баумның «The Wizard of Oz» («Оз елінің сиқыршысы») туындыларын сәтті сахналап, көрермендердің көзайымына айналды.

«Лаймен Фрэнк Баумның «The Wizard of Oz» («Оз елінің сиқыршысы») туындысына таңдау түскен себебі, оның баларлар мен жасөспірімдер арасында кең танымал шығарма болғандығы және осы туындының оқушыларға достық ұғымын терең ашуы, олардың бір-біріне мейірбан да жанашыр болуын үйрететіндігі болып табылады»,- дейді үйірме қатысушысы Сания Шамшаева.



Осы жылы да мектептің кішкентай әртістері ақпан айында мектеп сахнасында танымал Дания жазушысы Ганс Христиан Андерсонның «Little Mermaid» («Кішкентай су перісі») туындысын көрермендерге паш етті. Аталған туындының таңдауға себеп болған құндылығы, ол - қолдағы бар затты қадірлей білу, өн бойындағы сұлулық пен әсемдікті бағалай білу.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің жас әртістері бұл сахналық қойылымға бар ынта жігерлерімен дайындалды. Әлемге әйгілі қойылымның желісі бойынша 7-класс оқушылары көрермендерге әсерлі де мағыналы көрініс көрсетті.

«Little Mermaid» («Кішкентай су перісі») қойылымында ойнағаным үшін қуаныштымын. Маған өте қызық болды. Осы драма үйірмесіне қатысып көп тәжірибе алдым. Болашақта да драма үйірмесіне қатысып, қойылымдарда өнер көрсеткім келеді», - дейді 7-сынып оқушысы Жәнерке Назарова.

Айта кетейік, үш жыл ішінде драма үйірмесі жылдан жылға жұмыс аясын кеңейтіп, өз тәжірибесін молайтуда. Алғашқы жылдары оқушылардың драма үйірмесіне қызуғушылық танытуы аса жоғары болмағанымен, қазіргі таңда, осы үйірмеге қатысып, ағылшын тілін өнер жолы арқылы тереңірек меңгеремін, әлемдік атақты туындыларды сахнада көрермендерге тамашалатамын деген оқушылар саны жылдан жылға артуда. Бұл – ағылшын тілінде жұмыс атқаратын драма үйірмесінің жетістіктері деп білеміз. Оқушылар әдебиет пен өнер әлеміне еніп, белгілі жазушылармен, олардың атақты туындылармен танысып, өн бойларына этика – эстетиканы да бірге сіңіреді. Театр әлемінің сан қырлы өмірі мен өнерін түсінеді.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары үшін «SHOW MUST GO ON» драма үйірмесінің тағылымы мол, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде қосар үлесі жоғары екеніне нық сенеміз.

**Лайла Закирова**
**Драма үйірмесінің жетекшісі**

**Мұқағали атамызға арнау**

*Поэзияның шексіз-шетсіз әлеміне*
*Сізбен бірге алғашқы қадам бастым.*
*Сол әлемнің ғажайып сырларына*
*Сіз салған сара жолмен асу астым.*

*Қадірлейміз, құрметтейміз мәңгілік*
*Жырларыңды айтып жүрміз ән қылып.*
*Қастерлейміз жадымызда әрқашан*
*Жатталады әрбір сөзің жаңғырып.*

*Ақын бабам, жырларыңа тамсанам*
*Мәңгілік елді жүрегіменен аңсаған*
*Тілін сүйген, елін сүйген өзіндей*
*Жастар көрсем, қуанамын, тамсанам*

*Өзіндей асқақ тұлғамен елім бақытты,*
*Жырыңмен елге төктің ғой талай жақұтты.*
*Артыңнан мен де асықпай жинап келемін.*
*Сізден қалған жыр жұрнағы, сарқытты.*

**Айбек Оңалбаев,**
**8 «D» сынып оқушысы**

**Асыл анам – ардақты**

Жан анашым жүрегімді тербейді,
Махаббатым көңілімді кернейді.
Іздер болсам мен – дағы жер-жаһанды,
Ешбір жақұт саған да тең келмейді.

Тізіп өлең, өзің жайлы жыр теремін,
Сыр шертіп көмегімен жыр кеменің.
Сен мұңайсаң, мен –дағы жабырқаймын,
Ақтарамын жүрегімнің мұң тереңін.

Жер жаһанда ешбір жақұт таппағам,
Жан шырайлы анам бар дер мақтанам.
Шалыс басқан қадамымды жөндейтін,
Мінезің бар тіптен жұмсақ мақтадан.

Орны ананың мен үшін ол бір бөлек,
Табынады аналарға барша жүрек,
Бүгінгідей мерекелі сәттерде,
Шын пейілден төгіледі ақ тілек.

**Айым Сексенбаева**
**7 «F» сынып оқушысы**

**Мұқағали Мақатаевқа арнау**
**«Өлеңнен сені іздедім»**

Дүниені дүрілдетіп өтетін
Өлең өріп, беріп кеттің, көкешім!
Әлі күнге жырыңды айтып аналар
Тербетеді, бесіктегі бөпесін.

Туған күнің бір тойланбай өтті деп,
Бұл өмірге өкпеледің неге тым?
Болашақта жазып сонда қалдырған
Арызыңа жауап іздеу міндетім.

Үндемесе үндемесін дүние,
Отырдың сен өлең қаттап күніге.
Сыйламаса сыйламасын шоқ гүлін,
Гүл боп сонда өлең кірді үйіңе.

Қиын -қиын жұртқа жағу дегенің,
Бекер өмір сүрдім деуің не деуің.
Том-том кітап самсап тұрса сөреде
Өмірдегі үлкен сенің өтеуің.

Қатар жүрер қуанышы, мұңы да,
Табиғаттың заңы солай шынында,
Сен бәрібір өзіңменен бір болар
Шығып тұрсың, елдің биік шыңына.

**Гүлдана Сәбитова**
**7 «С» сынып оқушысы**

**ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ**

**Мектептің мекенжайы:** Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 8.
**Мектептің аты:** Химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі.
**Пошта индексі:** 120003
Электрондық пошта мекенжайы: info@kzl.nis.edu.kz
**Директор:** Мукеева Гульмира Бахытбековна
**Қабылдау бөлмесінің телефон нөмірі:** 8(7242)55-11-51.
**Бас редактор:** Досан Жүнісов
**Баспасөз хатшысы:** Елена Рыбина

**Адрес школы:** город Кызылорда, улица Султана Бейбарса, 8.
**Название школы:** Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления.
**Почтовый индекс:** 120003
**Адрес электронной почты:** info@kzl.nis.edu.kz
**Директор:** Мукеева Гульмира Бахытбековна
**Номер телефона приёмной:** 8(7242)55-11-51
**Главный редактор:** Досан Жунусов
**Пресс-секретарь:** Елена Рыбина

**School address:** Sultan Beibarys Street, No.8, Kyzylorda city.
**School name:** Nazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology.
**Postcode:** 120003
**E-mail address:** info@kzl.nis.edu.kz
**Principal:** Munkeeva Gulmira Bakytbekovna
**Office phone №:** 8(7242)55-11-51.
**Chief editor:** Dosan Zhunussov
**Press secretary:** Elena Rybina

**НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ШКОЛА ХИМИКО-БИОЛОГИЧЕСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ ГОРОД КЫЗЫЛОРДА**